

"Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 15 қарашадағы № 178 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті ;

"Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

"Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Уақытша санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды енгізу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 149 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және ішкі сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және ішкі сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының өзара және Еуразиялық

экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Санитариялық шараларды ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы жалпы процестерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 11 ақпандағы № 24 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"уақытша санитариялық шаралар" – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, адам өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында адамдарға, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін және (немесе) мүше мемлекеттер арасында өткізілетін көлік құралдарына, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға жататын қадағалаудағы өнімге (тауарларға) қатысты Одаққа мүше мемлекет (бұдан әрі – мүше мемлекет) енгізетін уақытша сипаттағы шаралар, тыйымдар мен шектеулер;

"уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтердің жалпы ақпараттық ресурсы" (бұдан әрі – жалпы ақпараттық ресурс) – Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) мүше мемлекеттердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдарынан (бұдан әрі-уәкілетті орган) алынатын мәліметтердің негізінде қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Шартта, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 11 ақпандағы № 24 шешімінде және

Одақ органдарының санитариялық шараларды қолдану мәселелерін реттейтін өзге де актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленуі: P.SS.09, 1.0.0 нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты Одақтың кедендік аумағында санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау және Одақтың кедендік аумағына ықтимал әкелу (көлікпен әкелу) және Одақтың кедендік аумағында инфекциялық және жаппай инфекциялық емес аурулардың (уланудың) таралу, Одақтың кедендік аумағында адамның өміріне, денсаулығына және оның тіршілік ету ортасына қауіпті өнімдерді әкелу және (немесе) тарату қаупін азайту, сондай-ақ Одақтың (Кеден одағының) техникалық регламенттерінде белгіленген өнім қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Одақтың ақпараттық порталында мәліметтерді жариялау мақсатында Комиссияда толық және өзекті жалпы ақпараттық ресурс құруды, қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

б) уәкілетті органдар арасында, сондай-ақ уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мынадай мәліметтермен:

өз мүше мемлекетінің аумағында уақытша санитариялық шараларды енгізу, өзгерту немесе жою туралы (бұдан әрі-уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтер);

уақытша санитариялық шараны енгізу туралы, оның ішінде өз аумағында уақытша санитариялық қарсы шараларды енгізу туралы немесе санитариялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін өткізілетін іс-шаралар туралы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы (бұдан әрі-уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер);

сұрау салу бойынша енгізілетін уақытша санитариялық шаралар туралы қосымша ақпарат туралы (бұдан әрі-уақытша санитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтер) жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

в) уәкілетті органдардың сұрау салу бойынша жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алуын қамтамасыз ету;

г) қазіргі уақытта уәкілетті органдар қолданатын және ортақ ақпараттық ресурсты қалыптастыру және жүргізу кезінде пайдалану үшін қажетті тізбелерді, сыныптауыштар мен анықтамалықтарды әзірлеу, үйлестіру және өзектендіру, сондай-ақ олардың электрондық нысандарын әзірлеу;

д) Одақтың ақпараттық порталында берілген параметрлер бойынша мәліметтерді іздеу, сондай-ақ жалпы ақпараттық ресурстың мәліметтерін жаңартуға жазылуды ресімдеу мүмкіндігімен барлық мүдделі тұлғалар үшін уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	мыналарды: жалпы ақпараттық ресурсты қалыптастыру және жүргізуді, сондай-ақ оның мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды; уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді уәкілетті органнан алуды; хабарланатын уәкілетті органнан уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер алуды; уақытша санитариялық шаралар туралы уәкілетті органнан сұрау салуды және қосымша мәліметтер алуды; сұрау салу бойынша уәкілетті органға жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерді ұсынуды жүзеге асыратын Одақ органы
		мыналарды: уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді Комиссияға

P.SS.09.ACT.001	уәкілетті орган	және хабарланатын уәкілетті органға ұсынуды; хабарланатын уәкілетті органнан уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер алуды; уақытша санитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтерді Комиссияға және сұрау салу бойынша хабарланатын уәкілетті органға ұсынуды; жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерді сұрауды және алуды жүзеге асыратын уәкілетті орган
P.SS.09.ACT.002	хабарланатын уәкілетті орган	мыналарды: уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді уәкілетті органнан алуды; уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді Комиссияға және уәкілетті органға ұсынуды; уақытша санитариялық шаралар туралы уәкілетті органнан сұрау салу және қосымша мәліметтер алуды жүзеге асыратын уәкілетті орган
P.SS.09.ACT.003	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталы арқылы жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерді сұратушы және алушы заңды немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс мақсатына қарай топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдереді:


- а) уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.09.PGR.001);
- б) уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері (P.SS.09.PGR.002);
- в) процедуры получения дополнительных сведений о временной санитарной мере (P.SS.09.PGR.003);
- г) уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдері (P.SS.09.PGR.004).

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті органдар Комиссияға және басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді, оның ішінде қажет болған жағдайда сұратылатын

уақытша санитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтерді ұсынады. Уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерді алған уәкілетті органдар Комиссияға және басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсынады.

Комиссия уәкілетті органдардан алынатын мәліметтер негізінде жалпы ақпараттық ресурсты қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады, Одақтың ақпараттық порталы құралдарымен мүдделі тұлғалар үшін уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ уәкілетті органдардың сұрау салулары бойынша жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерді ұсынады.

12. Жалпы процестің құрылымының сипаттамасы 1-суретте келтірілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, жалпы процестің рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Бөлімде жалпы процестің процедуралары мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтірілген. Процедуралардың жалпы схемасы UML графикалық белгісін (бірыңғай модельдеу тілі – Unified Modeling Language) қолданыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдер тобы (P.SS.09.PGR.001)

15. Уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде уәкілетті орган уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға және хабарланатын уәкілетті органдарға жібереді.

Уақытша санитариялық шараны енгізу кезінде уәкілетті орган "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) және "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.002) рәсімдерін орындайды.

Уақытша санитариялық шара өзгерген кезде уәкілетті орган "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.003) және "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.004) рәсімдерін орындайды.

Уақытша санитариялық шараның күші жойылған кезде уәкілетті орган "Уақытша санитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.005) және "Уақытша санитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.006) рәсімдерін орындайды.


Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 15 қарашадағы №178 шешімімен бекітілген "Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 15 қарашадағы №178 шешімімен бекітілген "Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 15 қарашадағы №178 шешімімен бекітілген "Уақытша санитариялық шаралар енгізу туралы ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың

және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

16. Уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.PRC.001	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	рәсімді орындау барысында уәкілетті орган жалпы ақпараттық ресурсты қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
P.SS.09.PRC.002	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді
P.SS.09.PRC.003	уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	рәсімді орындау барысында уәкілетті орган жалпы ақпараттық ресурсты қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
P.SS.09.PRC.004	уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган уақытша санитариялық шараның өзгергені туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді
P.SS.09.PRC.005	уақытша санитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	рәсімді орындау барысында уәкілетті орган жалпы ақпараттық ресурсты қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін уақытша санитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді

P.SS.09.PRC.006	уақытша санитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган уақытша санитариялық шараның күшін жою туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді
-----------------	--	--

5. Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобы (P.SS.09.PGR.002)

18. Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау кезінде хабарланатын уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға және уәкілетті органдарға жібереді.


Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсынған кезде хабарланатын уәкілетті орган "Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.007) және "Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.008) рәсімдерін орындайды.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасу уәкілетті органдардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

19. Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте келтірілген.



3-сурет. Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.PRC.007	уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну	уәкілетті орган хабардар ететін рәсімді орындау процесінде уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтер қалыптастырады және Комиссияға жібереді
P.SS.09.PRC.008	уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну	уәкілетті орган хабардар ететін рәсімді орындау процесінде уақытша санитариялық шараны қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді

6. Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдері тобы (P.SS.09.PGR.003)

21. Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді алу рәсімдерін орындау кезінде хабарланатын уәкілетті орган немесе Комиссия уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және уақытша санитариялық шараны енгізген уәкілетті органға жібереді. Уәкілетті орган көрсетілген сұрау салуды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде хабарланатын уәкілетті органға немесе Комиссияға уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастырады және жібереді.

Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жіберілген кезде Комиссия "Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.009) рәсімін орындайды.


Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жіберілген кезде хабарланатын уәкілетті орган "Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.010) рәсімін орындайды.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдар арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

22. Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдер тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.PRC.009	уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді Комиссияға ұсыну	рәсімді орындау барысында сұрау салу бойынша уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді Комиссияға ұсыну жүзеге асырылады
P.SS.09.PRC.010		рәсімді орындау процесінде сұрау салу бойынша хабарланатын уәкілетті органға уақытша

уақытша санитариялық шара туралы қосымша мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну

санитариялық шара туралы қосымша мәліметтер беру жүзеге асырылады

7. Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алу рәсімдерінің тобы (P.SS.09.PGR.004)


24. Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерді алу рәсімдері Комиссия уәкілетті органдардан тиісті сұрау салуды алған кезде орындалады.

Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерді алу рәсімдерін орындау шеңберінде жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтерге сұрау салу өңделеді. Жалпы ақпараттық ресурста қамтылған мәліметтер не толық көлемде, не белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша сұратылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алу" (P. SS.09.PRC.011) рәсімі орындалады.

Уәкілетті органдар мен Комиссия арасында мәліметтер алмасу Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

25. Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

26. Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.PRC.011	жалпы ақпараттық ресурстан мәліметтер алу	рәсімді орындау процесінде уәкілетті орган сұрау салу бойынша жалпы ақпараттық ресурста қамтылған мәліметтерді алуды жүзеге асырады

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

27. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.BEN.001	уақытша санитариялық шара туралы мәліметтер	уақытша санитариялық шараларды қарау нәтижелері туралы мәліметтерді және уақытша санитариялық шаралар туралы қосымша мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органдар мен Комиссия арасында ақпарат алмасу барысында берілетін уақытша санитариялық шаралар туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

28. Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ақпараттық өзара іс – қимылына қатысатын мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне-мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

29. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
	Еуразиялық экономикалық одақтың		Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер

P.CLS.003	сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген кодтар мен тауарлар атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.014	құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын кодтар мен құжаттар түрлерінің атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 сәйкес әлем елдерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.024	классификатор языков	сыныптауыш	ISO 639-1 сәйкес кодтар мен тіл атауларының тізімін қамтиды
P.CLS.026	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарының, сондай – ақ олар уәкілеттік берген ұйымдардың анықтамалығы	анықтамалық	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының тізбесін және оларға сәйкес кодтарды қамтиды
P.CLS.030	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жануарлар ауруларының алдын алу, диагностикалау, оқшаулау және жою кезінде өзара іс – қимылы жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті, карантиндік және зооноздық ауруларының анықтамалығы	анықтамалық	жануарлар ауруларының ошақтарының алдын алу, диагностикалау, оқшаулау және жою кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара іс – қимылы жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті, карантиндік және зооноздық ауруларының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы

			17 қыркүйектегі № 156 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандардың сыныптаушы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 54 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.056	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) тізбесі	анықтамалық	Одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) кодтарының, белгілеулерінің, атауларының, сондай-ақ Одақтың техникалық регламенттерінде (Кеден одағының техникалық регламенттерінде) белгіленген сәйкестікті бағалау нысандары мен схемалары кодтарының тізбесін қамтиды
P.CLS.057	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлерінің сыныптаушы	сыныптауыш	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 108 шешімімен бекітілген)
P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 34 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.099	Еуразиялық экономикалық одақтың	сыныптауыш	кодтардың, шартты белгілердің және өлшем бірліктері мен шот атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2020 жылғы


	өлшем бірліктері мен шоттары сыныптаушы		27 қазандағы № 145 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.124	санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнім түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнім түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 154 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.125	аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық сыныпталуы	сыныптауыш	аурулардың халықаралық сыныптауышына сәйкес аурулардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.08.CLS.001	жұқпалы ауру қоздырғыштары түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	жұқпалы ауру қоздырғыштарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.SS.08.CLS.002	санитариялық шаралардың (уақытша санитариялық шаралардың) тізбесі	анықтамалық	санитариялық шаралардың (уақытша санитариялық шаралардың) кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Уақытша санитариялық шара туралы мәліметтерді ұсыну рәсімдері

"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) рәсімі

30. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

31. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) рәсімі уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны енгізген кезде орындалады.

32. Бірінші болып "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P. SS.09.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

33. Комиссия уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде "Комиссияның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.09.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтер жалпы ақпараттық ресурсқа енгізіледі, ал мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберіледі.

34. Уәкілетті орган мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде "Мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу

нәтижесі туралы хабарлама алу" (P. SS.09.OPR.003) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

35. "Комиссияның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.09.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау" (P. SS.09.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындалу нәтижелері бойынша уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

36. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі Комиссияның уақытша санитариялық шараны жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу туралы мәліметтерді енгізуі, сондай-ақ Одақтың ақпараттық порталында уақытша санитариялық шаралар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялауы болып табылады.

37. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.OPR.001	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.002	Комиссияның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.003	мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.004	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген

9-кесте

"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P.SS.09.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.001
2	Операцияның атауы	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті орган уақытша санитариялық шара енгізген кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер Комиссияға жіберілді

10-кесте

"Комиссияның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.09.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.002
2	Операцияның атауы	Комиссияның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P.SS.09.OPR.001) операциясы)
		мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының

5	Шектеулер	сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама және электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша санитариялық шараларды енгізу туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды тексереді. Тексеруді сәтті орындаған жағдайда орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес көрсетілген мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізуді жүзеге асырады, оларды жаңарту күні мен уақытын толтырады, мәліметтерді қосуға сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодының мәнімен мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер жалпы ақпараттық ресурсқа енгізілді, мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

11-кесте

"Мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.09. OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.003
2	Операцияның атауы	мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган

4	Орындау шарттары	мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарлама алынған кезде орындалады ("Комиссияның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.09. OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	мәліметтерді жалпы ақпараттық ресурсқа енгізу нәтижесі туралы хабарлама өңделді

12-кесте

"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау" (P.SS.09.OPR.004) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.004
2	Операцияның атауы	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	мәліметтер жалпы ақпараттық ресурсқа енгізілген кезде орындалады ("Комиссияның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.09. OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Одақтың ақпараттық порталында ақпараттық ресурстан жаңартылған мәліметтерді жариялауды қамтамасыз етеді
		уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер Одақтың

"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.002) рәсімі

38. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.09.PRC.002) Рәсімін орындау схемасы 7-суретте көрсетілген.




Рис. 7. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P.SS.09.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

39. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.002) рәсімі уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны енгізген кезде орындалады.

40. Бірінші болып "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жолдау" (P. SS.09.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау

нәтижелері бойынша уәкілетті орган уақытша санитариялық шараның енгізілгені туралы мәліметтерді қалыптастырады және хабардар етілетін уәкілетті органға жібереді.

41. Хабардар етілетін уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде "Уәкілетті органның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.09.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша хабардар етілетін уәкілетті орган көрсетілген мәліметтерді өңдеуді орындайды, ал уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберіледі.

42. Уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P. SS.09.OPR.007) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

43. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі хабардар етілетін уәкілетті органның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алуы болып табылады.

44. "Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну" (P. SS.09.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.OPR.005	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.006	уәкілетті органның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.007	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

14-кесте

"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу" (P.SS.09.OPR.005) операциясының сипаттамасы

--	--	--

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.005
2	Операцияның атауы	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті орган уақытша санитариялық шара енгізген кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарланатын уәкілетті органға уақытша санитариялық шараның енгізілгені туралы мәліметтерді қалыптастырады және жібереді
7	Нәтижелері	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер хабарланатын уәкілетті органға жіберілді

15-кесте

"Уәкілетті органның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.09.OPR.006) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.006
2	Операцияның атауы	уәкілетті органның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі
3	Орындаушы	хабардар етілетін уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу" (P.SS.09.OPR.005) операциясы)
		мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар

5	Шектеулер	мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама және электрондық құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдайды, оларды тексереді, уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтер алынды және өңделді, уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

16-кесте


"Уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу" (P.SS.09.OPR.007) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.007
2	Операцияның атауы	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Уәкілетті органның уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.09.OPR.006) операциясы)

5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	уақытша санитариялық шараны енгізу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижесі туралы хабарлама өңделді

"Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді комиссияға ұсыну" (Р. SS.09.PRC.003) рәсімі

45. "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді комиссияға ұсыну" (Р. SS.09.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

46. "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.003) рәсімі уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны өзгерткен кезде орындалады.

47. Бірінші "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P. SS.09.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті орган уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

48. Комиссия уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді алған кезде "Комиссияның уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.09.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша жалпы ақпараттық ресурстың мәліметтеріне өзгерістер енгізіледі, ал уәкілетті органға жалпы ақпараттық ресурстың мәліметтерін өзгерту нәтижесі туралы хабарлама жіберіледі.

49. Уәкілетті орган жалпы ақпараттық ресурстың мәліметтерін өзгерту нәтижесі туралы хабарламаны алған кезде "Жалпы ақпараттық ресурстың мәліметтерін өзгерту

нәтижесі туралы хабарлама алу" (P. SS.09.OPR.010) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

50. "Комиссияның уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P. SS.09.OPR.008) операциясы орындалған жағдайда, "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді жариялау" (P. SS.09.OPR.011) операциясы орындалады, орындау нәтижелері бойынша уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

51. "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесі Комиссияның жалпы ақпараттық ресурстың мәліметтерін өзгертуі, сондай-ақ Одақтың ақпараттық порталында уақытша санитариялық шаралар туралы жаңартылған мәліметтерді жариялауы болып табылады.

52. "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді комиссияға ұсыну" (P. SS.09.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.09.OPR.008	уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.009	Комиссияның уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.010	жалпы ақпараттық ресурстың мәліметтерін өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P.SS.09.OPR.011	уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген

18-кесте

"Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P.SS.09.OPR.008) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.008

2	Операцияның атауы	уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті орган уақытша санитариялық шараны өзгерткен кезде орындалады
5	Шектеулер	мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтер Комиссияға жіберілді

19-кесте

"Комиссияның уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі" (P.SS.09.OPR.009) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленуі	P.SS.09.OPR.009
2	Операцияның атауы	Комиссияның уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді қабылдауы және өңдеуі
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді алған кезде орындалады "Уақытша санитариялық шараның өзгеруі туралы мәліметтерді Комиссияға жіберу" (P.SS.09.OPR.008) (операциясы)
		мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Хабарлама және электрондық

5	Шектеулер	құжат (мәліметтер) Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс
